

ЫСТЫҚТАН ӨЛГЕН КІМ БАР?..

HEMЕСE ҚЫЗЫЛОРДА – КОНДИЦИОНЕРЛЕР ҚАЛАСЫ...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№27
(1834)
9 шілде
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжамит Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

ЕҢ БАСТЫ БАҒА – НАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН НӘТИЖЕ

Үкімет басшысы О.Бектеновтың төрағалығымен өткен кезекті Үкімет жиынының басы “Таза Қазақстанның” жүзеге асырылу барысын талқыланудан басталды. Осы ретте бірқатар өңір әкімдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын жүзеге асырудың тиімділігі өткізілген іс-шаралар санымен емес, елді мекендердің жағдайының, халықтың экологиялық мәдениеті деңгейінің нақты өзгерістерімен және қол жеткізілген нәтижелердің тұрақтылығымен бағаланады. Бұған қол жеткізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдар елді мекендерді абаттандыру, экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу, тиісті инфрақұрылымды, оның ішінде қалдықтарды қайта өңдеу объектілерін дамытумен байланысты жүйелі жұмыс істеуі қажет», — деп атап өткен Олжас Бектенов бірқатар мемлекеттік органдарға тапсырма берді.

Кеңес отырысында ағымдағы жағдай және қалдықтарды басқару бойынша қабылданып жатқан шаралар қаралды. Олардың ішінде қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту, энергетикалық тұрғыда кәдеге жарату, тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын жаңғырту, сондай-ақ энергия үнемдеу және экономиканың энергия тиімділігін арттыру салалары бар.

Жиында баяндама жасаған Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев: өткен жылдың қорытындысы бойынша коммуналдық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу үлесі 30,7%-ды құрағанын 2030 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу 40%, өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу 50% болатынын, өткен жылы анықталған 3 828 стихиялық қоқыс орнының 3 629-ы немесе 95%-ы жойылғанын, ал осы жылдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 1 983-тен 585 болғанын, кәдеге жарату төлемі есебінен жеңілдетілген қаржыландыру шеңберінде 374 млрд теңгеге 68 жоба мақұлданып, оның 12-сі пайдалануға берілгенін баяндады. Қазіргі 2 755 тұрмыстық қатты қалдықтар полигонында жаңғырту жұмыстары жүргізілуде екен. Ауылдық

жерлерде алаң бөлу үшін жекелеген рұқсат беру рәсімдері мен экологиялық талаптар жеңілдетілген, жаңа нысандардың құрылысы кәдеге жарату төлемінен түсетін қаражат есебінен қаржыландырылатын болады.

«Экоқолдау» бағдарламасына 94 компания қосылған. 115 мың тоннадан астам қағаз, шыны, шина мен пластик қайта өңделіп, төлем көлемі 3 млрд теңгені құрады. Бөлек-бөлек жинау тәсілін тұрғын үй секторы деңгейінде кеңейту жұмыстарына қоқыс шығаратын компанияларды, МИБ және ПИК-терді қосу пысықталуда.

«Өлеңнің алдыңғы қатарлы елдерінде «Түйық циклді экономика» тұжырымдамасы сәтті жүзеге асырылды, оның негізгі қағидаты – қалдықтардың пайда болуын болдырмау. Мәселен, Швецияда қоқыстың 1%-дан азы полигондарға түседі. Бұл ел тіпті көрші елдерден қалдықтарды импорттайды. Германияда тұрмыстық қалдықтардың 67%-дан астамы айналымға қайтарылады. Тізімді жалғастыруға болады. Қалдықтарды қайта өңдеу – міне бұл біз ұмтылатын меке. Алайда, қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы жобаларды жүзеге асыруды кешіктіріп жатқан фактілер бар. Осыған байланысты, Экология министрлігі бір апта мерзімде қалдықтарды қайта пайдалану саласындағы жобаларға тексеру жүргізісін және оларды іске асыру жөнінде нақты шешімдер енгізісін.

Мемлекет басшысы жақында Қазақстан экономикасының энергия сыйымдылығы өлемдік орташа мәннен 2 есе және ҰБДҰ елдерінің көрсеткіштерінен 3,5 есе жоғары екенін атап өтті. Халықаралық энергетикалық агенттік белгілеген жаһандық үрдіс энергия сыйымдылығының жоспарлы төмендеуі болып қала береді – жаһандық экономика аз ресурстарды пайдалана отырып, көбірек пайда табуды үйренуде. Сондықтан энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласында озық тәжірибені бөлсенді енгізу қажет», — деп Олжас Бектенов атап өтті.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Президент жанындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Күн тәртібінде қалдықтарды басқару, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру, өнеркәсіп пен құрылыс салаларындағы энергия тиімділігін арттыру мәселелері қаралды. Кеңеске облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Өңірде «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы аясында энергия тиімділігін арттыру және қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтуда жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

Өткен жылы 280 шақырым электр желісі мен 87 қосалқы станцияға энергия үнемдейтін заманауи технологиялар енгізілді. Биыл 605 шақырым электр желісі мен 190 қосалқы станцияны жаңғырту жалғасуда. Сондай-ақ 8,7 шақырым жылу желісі жаңартылып, арнайы оқшаулағыш материалдармен қапталды. Бұл жылу беру жүйесіндегі шығынды едеуір қысқартты.

Аймақта жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да басымдық берілген. Қазір жалпы қуаттылығы 148 мегаватт болатын бес күн электр станциясы жұмыс істейді. Алдағы уақытта бір жел және үш күн электр станциясын іске қосу жоспарланып отыр.

Қалдықтарды басқаратын 17 кәсіпорын биылғы бірінші тоқсанда 67 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық жинап, оның 23 мың тоннасын қайта өңдеді. «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жаратуға бағытталған 9 жоба жүзеге асырылуда.

Салаға инвестиция тарту және озық технологияларды енгізу үшін халықаралық компаниялардың қатысуымен екі ірі инвестициялық жоба қолға алынған. Атап айтқанда, Оңтүстік Корея технологиясымен жылына 300 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауыты, Германия технологиясымен жылына 240 млн. дана шыны ыдыс шығаратын зауыт салынууда. Бұл – қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттырып, импорты алмастыруға және өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал ететін бастамалар.

НӘЛІБАЕВҚА ЖҮКТЕЛДІ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында газ саласын дамыту мәселелері қаралды.

Энергетика министрлігінің мәліметінше 2025 жылдың қорытындысы бойынша газ өндіру көлемі 68,2 млрд текше метрді құраған. Биылғы бес айда 25,9 млрд текше метр газ өндірілген. 2026 жылға арналған жоспар 64,5 млрд текше метр екен. 2025 жылы тауарлық газ өндірісі 27,4 млрд текше метрді құраған. 2026 жылы бұл көрсеткішті 27,4 млрд текше метр деңгейінде сақтау жоспарланып отыр екен. Биылғы бес айда 10 млрд текше метр тауарлық газ өндірілген.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елді газдандыру деңгейі 64,2%-ға жетіпті. Табиғи газға қолжетімділік 13,1 млн адамды қамтып отырған көрінеді.

Үкімет басшысы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықты газдандыру деңгейін 80%-ға дейін жеткізу қажеттігін атап өтті. Болжамды теңгерімге сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанда тауарлық газ өндірісі 31,3 млрд текше метрді құрайды. Бұл көлем халықты газдандыру деңгейін арттыруды ескере отырып, ішкі нарықтың қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көрінеді.

Осы жиында өңір әкімдіктеріне магистралды инфрақұрылым нысандарын пайдалануға беру мерзімдерін жергілікті газ тарату желілерінің дайындық деңгейімен үйлестіру тапсырылды. Бұл ретте тиімділік басты көрсеткіші тартылған құбырлардың ұзындығы ғана емес, үйлерінде газ пайда болып, желіге нақты қосылған абоненттер санымен өлшенуі тиіс дейді Үкімет басшысы.

Отырыс қорытындысымен Үкімет басшысы бірқатар тапсырма беріпті.

Сол тапсырмалардың бірі елімізде тұтынушы тұрақты өсуі жағдайында қолжетімді газ көлемі бірінші кезекте тұрғындардың қажеттіліктеріне және жоғары технологиялық өндірістерінің дамуына бағытталуы тиіс.

Энергетика министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тауарлық газға қосылғысы келетін жаңа өндіріс орындары үшін энергия тиімділігінің критерийлерін бір ай ішінде әзірлеу қажет.

Ресурс көлемін энергияны көп қажет ететін және тиімділігі төмен өндірістерге бөлу тәжірибесін тоқтату керек.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ГАЗБЕН ТҰРАҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында газ саласын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте өңірдегі газдандыру жұмыстарының барысы талқыланды.

«Мемлекет басшысы энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту, елді мекендерді көпжылдыр отынмен қамту көрсеткішін 65 пайызға жуық деңгейден 80 пайызға дейін арттыру жөнінде тапсырма берді. Бұл – өңірлер үшін аса маңызды міндет.

Сондықтан, газдандыру жобаларын уақытылы әрі сапалы іске асырып, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуіміз қажет», — деді Мұрат Нәлжожаұлы. Мәжілісте тұрғындарды сұйытылған мұнай газымен тұрақты қамтамасыз ету мәселесі де қаралды. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына, қала және аудан әкімдеріне сұйытылған газдың тұрақты қорын, тұрғындардың көпжылдыр отынмен үздіксіз қамтылуын бақылау тапсырылды.

Өңірде елді мекендерді газдандыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл 14 жобаны іске асыруға 4,7 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 2 өтпелі және 12 жаңа жоба бар. Жыл соңына дейін 10 елді мекенді табиғи газға қосу жоспарланып отыр. Нәтижесінде облыс халқын газбен қамту деңгейі 85 пайызға жетеді.

2026–2027 жылдары іске асырылатын жобаларды қаржыландыру үшін 19 млрд теңгенің бюджеттік өтінімі ұсынылды. Қолдау тапса, тағы 16 елді мекенге газ жеткізіледі.

Одан бөлек, «QazaqGaz Aimaq» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы аясында 6 елді мекенді газдандыру көзделіп отыр.

Тапсырмаларды бақылау және үйлестіру Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.

Күні кешегі ақпарат бойынша биылғы жаздағы ыстықтан АҚШ-та 25 адам қайтыс болыпты. Енді АҚШ билігі жұртына өз туысқандарыңды, көршілеріңді түгендеп жүріңдер деп жар салып жатыр екен. АҚШ-тың 20-ға жуық штатында ауа t-сы +38°-тан асқан. Нью-Джерсидің 10 округінде 22 адам қаза болған. Ресми ақпарат бойынша олардың мүрдесін кондиционері жоқ пәтерлерден, үй маңынан, көше бойынан, тіпті автотұрақта тұрған көліктерден тапқан. Иллинойста ыстықтан 1 адам қаза болған. Ал Миссисипиде жоғалып кетті деген 74 жастағы ер адамның мәйітін 1 күннен соң жанар-май құятын бекет артынан тауыпты. Ыстықтан "күйіп" кеткен.

Сондай-ақ тағы бір 83 жастағы әйел өз бақшасында ыстықты көтере алмай, жүріп кеткен... Вашингтонда шілденің 12-сінде өткен салтанатты шарада ыстықтан 51 адамның жағдайы қиындаған. Оның 12-сі ауруханаға жеткізілген. Ал, одан сәл уақыт бұрын Ұлттық аллеяда өтіп жатқан жәрмеңкеңі мәжбүрлі түрде тоқтатылған. Өйткені жәрмеңкеге келген 44 адамға дәрігерлік көмек қажет болған.

Қатты ыстықтан Франция, Грекия, Испания, Португалия, Германия елдерінде орман өрті де көбейіпті. Грекияда өрт тіпті өндіріс орындары мен тұрғын үйлерге де қауіп төндірген көрінеді.

Берлинде 140 жылдан бері биылғы жылдың 27-ші маусымында ең жоғары t+39,9°-тан ыстық тіркелген. 2019-шы жылы 38,5° тіркелгеннен кейінгі рекордтық ыстық осы екен. Жалпы Германия бойынша биылғы жазда ауа t-сы 41,3°-қа дейін көтеріліп ел абыржыса керек. Берлинде полиция су шашқыш көліктері арқылы жұртқа салқын су шашып ыстықтан қорғап жүрген көрінеді. Польшада да биылғы +40,5° ыстықты поляктар 1921 жылдан бері көрмеіті. Билік тұрғындарға суды көбірек ішіндер, күнге шықпаңдар деп хабарлама жіберген. Кей қалаларында салқындау үшін арнайы су аркалары пайда болыпты. Чехияда +41,9°, Венгрияда +40,7° ыстықта тұрғындар тынышсызданып жатса керек. Француз елінің Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау агенттігі хабарламасы бойынша маусымның соңғы күндері 1000-ға жуық адам қайтыс болған. Әсіресе Париж бен оның айналасындағы шағын қалаларында адам өлімі көп көрінеді. Қаза болғандардың 85 пайызы 65 жастан асқандар екен. Испанияда да шілдеге дейінгі ыстықтан 300-ден астам адам қайтыс болды деген мәлімет бар. Жалпы биылғы жаз айы өте ыстық болады деген болжамға қарай әлі қанша адамның денсаулығынан айрылып, қайтыс болары белгісіз. Ғалымдардың пікірінше маусымның 10-нан басталған ыстық ауа-райы Еуропа елдері бойынша өте адам төзігісіз болып отыр. Ұлыбритания, Швейцария, Италия да ыстықтан зардап көргендер қатарында. +40,5°-тың өзі еуропалықтарды жалмап бара жатыр...

Маусым айында күйіп-жанып, бір басылған аптап ыстық осы аптаның дүйсенбісінен бастап қайтадан өзіміз тұратын Қызылордада да күйдіріп тұр. Құмалақпен бал ашқандай болмай, ауа-райын зерттейтін ресми орындардың болжамына сүйенсек, қазір ең ыстық ауа райы Қызылорда облысында +45 °C-қа, Түркістан облысында +42 °C-қа, Жамбыл облысында +43 °C-қа, Алматы мен Жетісу облысының кей жерлерінде +42 °C-қа, Ұлытау облысында +41 °C-қа, Маңғыстау облысында +42 °C-қа, Атырау облысында +39 °C-қа дейін көтеріледі депті. Демек ыстықтың көкесі Қызылордада +45 °C екен.

Үйренген әдетпен "ыстықтан өліп жатқан ешкім жоқ" деп егіншімізді егіп, малымызды бағып, құрылысымызды салып, жәрмеңкемізді де тоқтатып, жиналыстарымызды да өткізіп жатырмыз. Дегенмен денені күйдірер ыстықта салқындаймын деп суға түсіп қаза болғандарды, ыстық температурадан дем ала алмай, қан қысымы көтеріліп, жүрегі ұстап, қолқасы асқынып, қайтыс болғандарды есептер болсақ бізде де ыстық ауа-райынан қайтыс болғандар біраз болып қалар.

Шілденің ыстық күнінде дым істемей демалып жатқан ешкім жоқ. Базар саудасы қызып тұр. Ыстық ауа райынан жан сақтар балмұздақ, салқын сусындардың сондай-ақ суға түсетін купальник, суға жүзуге қажетті түрлі заттардың бағасы көтеріліп тұр. Үйге дейін тамақ, зат жеткізіп беру қызметінің, шағын кафе, асхана, кофетерилердің де наны жүріп тұр. Желдеткіштер мен кондиционерлер аса қажетті затқа айналып, саудасы жүргеннен бөлек, оларды құратындардың да қалтасы қалыңдап жатыр...

Айтпақшы Қызылорда – кондиционерлер қаласы. Аптап ыстықта қызылордалықтардың жанын сақтап тұрған кондиционерлер қаладағы әр үй сыртында самсап тұр. Көлік базарында да кондиционерлері болмаса көлік өтпейді. Қызылордалықтардың ең ұнататыны да, көлеңкесі сая болар ағаштары бар көшелер мен кондиционері бар салқын автобустар.

КҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімді жергілікті атқарушы орган жасайды

Сайлаушылар тізіміне

Белсенді сайлау құрамына ең, тиісті сайлау уәкілдерін аумағындағы Тұрғылықты жері бойынша тіркелген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Жергілікті атқарушы орган уақытша тіркелген азаматтарды өтінішін негізде

2026 жылғы 23 шілдеге дейін

Бұл ретте өкілдік азаматты сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша тізімнен шығаруды ұйымдастырады

Осы құқықты

Әрік бері күшті тіркелген жері бойынша қоныстандырып, белгілі сайлаушылар

орға арнаулы және жерден оңтүстік аймағында оқитын, боса өзінен келген студенттер

вакцинация адрені жұрек істейтін сайлаушылар

Азамат тек-Орған талға өткізіле алады

пайдалана алады

Тізімге енгізілгендігі туралы деректерді

✓ тиісті өкілдіктің интернет-ресурсы

✓ сай-орталық арқылы білуге болады

2026 жылғы 7 тамыздан бастап

өздері туралы деректердің сайлаушылар тізімін енгізілген тексеру мүмкіндігі беріледі

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы WWW.ELECTION.GOV.KZ

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН АЛУШЫЛАР САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1997 жылғы 16 сәуіріндегі 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 417 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға қатысты 39-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36186 болып тіркелген) сәйкес Сырдария ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырдария ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырдария ауданының мәслихатының төрағасы

Е. Әжікенов

№ _____
Сырдария ауданының мәслихатының
2026 жылғы _____
шешімінің қосымшасы

ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ РАЗМЕРА И ПЕРЕЧНЯ КАТЕГОРИЙ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ ЖИЛИЩНЫХ СЕРТИФИКАТОВ ПО СЫРДАРЫНСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии с пунктом 2 статьи 14-1 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», пунктом 39 Правил реализации мер государственной поддержки, направленных на улучшение жилищных условий, утвержденных приказом министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 30 мая 2025 года № 417 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 36186) в соответствии с мәслихат Сырдарынского района РЕШИЛ:

1. Определить размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов по Сырдарыньскому району согласно приложению к настоящему решению.
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Председатель Сырдарыньского районного мәслихата

Е. Әжікенов

приложение к решению
Сырдарыньского районного мәслихата
от _____ 2026 года № _____

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН АЛУШЫЛАР САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Сырдария ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін қарыз сомасының 10%, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерді құрайды.
2. Сырдария ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттарына мыналар жатады:
 - Ұлы Отан соғысының ардагерлері (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - «Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімі бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде көрсетілген аурумен ауыратын адамдар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 болып тіркелген);
 - жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімі әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
 - қандастар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

- 10) экологиялық зияндалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен нағардалған немесе бұрын «Бағыр ана» атаған алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен нағардалған қонабалы аналар, қонабалы отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 12) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңестігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 13) толық емес отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 14) асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жеріс әйелдер (тұл ер адамдар) (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 15) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлік кандидаттар, ғарышкерлер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 16) атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- 17) Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқаулары талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес құрылған еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы және өзге де салаларындағы бюджеттік ұйымдарының қажетті мамандары.

РАЗМЕР И ПЕРЕЧЕНЬ КАТЕГОРИЙ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ ЖИЛИЩНЫХ СЕРТИФИКАТОВ ПО СЫРДАРЫНСКОМУ РАЙОНУ

1. Размер жилищных сертификатов по Сырдарыньскому району для реализации права приобретения гражданами жилья в собственность с использованием ипотечного жилищного займа в рамках ипотечной программы, утвержденной Национальным Банком Республики Казахстан и (или) государственной программы жилищного строительства, утвержденной Правительством Республики Казахстан, составляет 10% от суммы займа, но не более 1 500 000 (одного миллиона пятисот тысяч) тенге.
2. К категориям получателей жилищных сертификатов по Сырдарыньскому району относятся:
 - 1) ветераны Великой Отечественной войны (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 2) ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 3) ветераны боевых действий на территории других государств (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 4) лица с инвалидностью первой и второй групп (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 5) семьи, имеющие или воспитывающие детей с инвалидностью (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 6) лица с заболеваниями, указанными в списке тяжелых форм некоторых хронических заболеваний утвержденным приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 февраля 2022 года № ҚР ДСМ-14 «Об утверждении списка тяжелых форм некоторых хронических заболеваний» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 26830) (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 7) пенсионеры по возрасту (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 8) дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия. При призыве таких лиц на военную службу возраст продлевается на срок прохождения срочной военной службы (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 9) кандидаты (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 10) лица, лишившиеся жилища в результате экологических

- бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера (состоящие в очереди на получение жилья);
- 11) многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени, многодетные семьи (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 12) семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, военной службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасении человеческой жизни, при охране правопорядка (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 13) неполные семьи (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 14) вдовы (вдовцы), имеющие на иждивении несовершеннолетних детей и детей, обучающихся по общеобразовательным или профессиональным программам в организациях общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, высшего, послевузовского образования по очной форме обучения, но не более чем до достижения двадцатитрехлетнего возраста (состоящие в очереди на получение);
 - 15) государственные служащие, работники бюджетных организаций, военнослужащие, кандидаты в космонавты, космонавты, сотрудники специальных государственных органов и лица, занимающие государственные выборные должности (состоящие в очереди на получение жилья);
 - 16) получатели социальной помощи;
 - 17) Востребованные специалистами бюджетных организаций в отрасли здравоохранения, образования, культуры, спорта и иных отраслей на основе анализа статистических наблюдений по статистике труда и занятости, а также с учетом прогноза трудовых ресурсов, формируемых согласно Правилам формирования национальной системы прогнозирования трудовых ресурсов и использования ее результатов, утвержденным приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 20 мая 2023 года №161 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 32546).

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ ТАРИФТЕРІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 9-тармағына, «Автомобиль келігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына және «Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Келік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 61447 болып тіркелген) сәйкес Сырдария ауданының өкімігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сырдария ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сырдария ауданы өкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сырдария ауданының өкімі

Б. Сарменбаев

Сырдария ауданы өкімдігінің
2026 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысына қосымша

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ ТАРИФТЕРІ

№	Маршруттың атауы	Тарифтік бағасы, тенге
1	Тереңөзек кентішілік №№ 1, 2, 3 бағыттары	100
2	«Иңкардария-Тереңөзек» бағыты	500
3	Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және оқушыларға.	50

ПРОЕКТ

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ ТАРИФОВ НА РЕГУЛЯРНЫЕ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ПассажиРОВ И БАГАЖА В СЫРДАРЫНСКОМ РАЙОНЕ

В соответствии с пунктом 9 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 19 Закона Республики Казахстан «Об автомобильном транспорте» и приказом Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан № 614 от 13 октября 2011 года «Об утверждении Методики расчета тарифов на услуги по перевозке пассажиров и багажа по регулярным маршрутам» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 61447) акимат Сырдарыньского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить тарифы на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в Сырдарыньском районе, согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Сырдарыньского района.
3. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким Сырдарыньского района

Б. Сарменбаев

Приложение
к постановлению акимата Сырдарыньского района
от «__» _____ 2026 года № _____

ТАРИФЫ НА РЕГУЛЯРНЫЕ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ПассажиРОВ И БАГАЖА В СЫРДАРЫНСКОМ РАЙОНЕ

№	Наименование маршрута	Стоимость тарифа, тенге
1	Внутрипоселковые маршруты поселка Тереңөзек №№ 1, 2, 3	100
2	Маршрут «Иңкардария-Тереңөзек»	500
3	Обучающимся, воспитанникам и учащимся организаций образования.	50

ҚОҒАМ ТҰТАС ҚАРСЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бір Қазақстанның бүгінгі күнді күрделі мәселесі болып отырған жоқ. Қай ел үшін болмасын үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын сыбайлас жемқорлық саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын өлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, қолдағы билікті, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа дедал болу, қызметтік жалғандық жасау осы қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластықтың нақты көрінісі.

Онымен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруымыз керек.

Қоғам тұтастай қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз.

Аламесек ауылдық округі өкімі аппаратында 2026 жылы бөлінген қаржылар тиімді, мақсатына сай

жұмсалуда. Қаржы Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес жергілікті қоғамдастық жиыны арқылы игеріліп отыр.

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен жолданымдарды мерзімінде қарап, сапалы жауап берілуде.

Ауыл жастары мен тұрғындарын бұқаралық спортқа көптеп тартуда жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта ауылда арнайы екі спорт нұсқаушысы жұмыс жасап келеді.

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаржыларының ашық және тиімді игерілуіне ықпалын тигізуде.

Ауылдық округі бойынша жер телімдерін берудің мәселесі жолға қойылған. Жер алу кезегінде тұрған азаматтар жоқ.

Алдағы уақытта да ауылдық округте сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңын басшылыққа алып, барлық қызмет заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Тәжібаев Дәулеткерей ОРАЗБЕКҰЛЫ
Аламесек ауылдық округінің өкімі

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫ КОНКУРСЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2026 жылғы 1 шілдеден бастап үкіметтік емес ұйымдарға арналған жыл сайынғы сыйлықақы конкурсына қатысу үшін өтінімдерді қабылдауды бастады.

Конкурстың мақсаты – үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру үшін институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 бағыт бойынша тағайындалады.

Егер ұйымыңыз қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруға белсенді атсалысып, өз саласында нәтижелі жұмыс жүргізіп, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге үлес қосып жүрсе, сіздерді үздік үкіметтік емес ұйымдарды анықтауға арналған конкурсқа қатысуға шақырамыз.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 1 шілдеден бастап, 1

қыркүйек, сағат 18:30-ға дейін (Астана уақыты бойынша).

Конкурсқа қатысу талаптары туралы толық ақпаратпен төмендегі сілтеме арқылы танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/>

[documents/details/1035722?lang=kk](#)

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады:

8 (7172) 74-07-41, 8 (7172) 74-09-97, 8 (7172) 74-02-17



МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11			
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

МАГИСТРАТУРА ТҮЛЕКТЕРІ ДИПЛОМ АЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамовтың қатысуымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистратура бағдарламасын тәмамдаған түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті.

Жаңа Конституцияның қолданысқа енуі аясында өткен магистранттармен кездесуде Мұрат Нәлқожаұлы білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің маңызына тоқталды.

Диплом иегерлері білімі мен кәсіби біліктілігін ел игілігіне бағыттап, қоғам дамуына үлес қосатынына сенім білдірді.

Өңірдегі жоғары білім мен ғылымның қарашаңырағы саналатын оқу орнын биыл 2600-ден астам түлек бітірді.

- «Еліміздің ертеңі мен тірегі – Сіздер секілді жалынды жастарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әділетті Қазақстанды құрудың басты қозғаушы күші де, оның жаңа белестерін бағындыратын жасампаз қуаты да – өздеріңіз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидағарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу» деген болатын.

Сіздер жастық жігерді Тәуелсіздігіміздің тұғырын одан әрі біткізуге жұмсайтындарыңызға сенемін.

Бүгінде облысымызда жаңа өндіріс орындары ашылуға, цифрландыру үдерісі жедел енгізіліп, әлеуметтік



Төксан жылға жуық тарихы бар университет озық идеялардың жаршысы ретінде ғылымға инновациялық жаңашылдықтарды енгізіп, бәсекеге қабілетті маман даярлау бағытындағы жұмысын табысты жалғастырып келеді. «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі – 2026» қорытындысымен еліміздегі көпсалалы жоғары оқу орындары арасында 7-орынға ие болды. Оқу орнының 31 білім беру бағдарламасы республикадағы үздік үштік қатарынан көрінді.

Баласының бағын тілеген атаның қуанышында шек жоқ екенін көріп тұрмын. Сіздерге көп рақмет! Ал шәкіртін шыңға шығарған профессор-оқытушыларға аймақ халқының атынан ерекше алғысымды білдіремін. Сіздер облысымыздың басты байлығы – адами капиталды қалыптастырып келесіздер. Бойларыңыздағы білім мен өнегені Отанымыз – Қазақстанның, туған жеріміз – Сыр өңірінің игілігіне жұмай беріңіздер», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Төксан жылға жуық тарихы бар уни-

верситет озық идеялардың жаршысы ретінде ғылымға инновациялық жаңашылдықтарды енгізіп, бәсекеге қабілетті маман даярлау бағытындағы жұмысын табысты жалғастырып келеді. «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі – 2026» қорытындысымен еліміздегі көпсалалы жоғары оқу орындары арасында 7-орынға ие болды. Оқу орнының 31 білім беру бағдарламасы республикадағы үздік үштік қатарынан көрінді.

Биыл университеттің бакалавриат бағдарламасын 630, ал магистратура бағдарламасын 79 түлек тәмамдады.

10 МӘСЕЛЕ ҚАРАҒАН МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті XXXIV сессиясы өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, құқық қорғау саласының басшылары, депутаттар мен жауапты сала өкілдері қатысты. Күн тәртібінде 10 негізгі мәселе қаралды.

Облыстық бюджеттің атқарылуы жөнінде баяндама жасаған облыс әкімі ең өзекті деген мәселелерді шешуде, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға атқарылған жұмысты, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды атап өтті.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге талдау жасап, өткен бес айдың қорытындысына тоқталды.

«2022 жылдан бері өңірде 2,4 трлн. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былға 790 млрд. теңгеге жуық инвестиция жоспарланса, оның 261 млрд. теңгесі орындалды.

Экономиканы әртарапандыру үшін алдағы үш жылға 1 трлн. 900 млрд. теңгеге 48 инвестициялық жобасын іске асыру, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашу межесі бар.

Биыл 14 ірі жобаның құрылысы басталады, қазір 4-суінің құрылысы жүріп жатыр, 2 жобаның қапсуласы салынды. Жақын күндері 2 жылжымай кешені қолға алынады. Жыл соңына дейін қалған 6 жобаны бастау жоспарланған», – деді облыс әкімі.

Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен биыл 300 орындық көпбейінді аурухана және «Қызылорда - Арена» көпфункционалды спорт кешені іске

қосылады. Бұдан бөлек, екі емхана, жаңа перинаталдық орталық салынып жатыр. Президенттік кітапхананың, жаңа драма театрдың қапсуласы қаланды.

«Батыс-Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізіндегі Қызылорда-Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейтудің бірінші кезеңі басталды. «Бейнеу - Сексеуіл» жолының да басталатын күні жақын қалды.

Облыс тұрғындарын сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі тұрақты мәселе. Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, өңірді көгелдір отынмен қамту деңгейі 85 пайызға жеткізілмек. Сондай-ақ үй кезегінде тұрған азаматтарды баспананан қамту мақсатында биыл 2400 пәтер беру жоспарланған.

Сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек, облыс бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Мұса Қалдарбеков, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы Балжан Шәменова қосымша хабарлама жасады.

Сессияда облыстық бюджетке, даму жоспарына өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралып, ветеринария, қоғамдық даму, дене шынықтыру және спорт басқармасы басшыларының есебі тыңдалды. Облыс әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволарлық комиссияның құрамын толықтыру, «Таза Қазақстан» тұрғындарды іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарға өзгеріс енгізу, тағы басқа мәселелер талқыланды.

“ДОМБЫРА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ”

Қызылордадағы Президент саябағында Ұлттық домбыра күніне орай «Домбыра – халық мұрасы» атты ауқымды мәдени-бұқаралық іс-шара өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысып, жұртшылықты Ұлттық домбыра күнімен құттықтады.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Бұл мерекенің қазақ руханияты үшін мән-маңызы зор. Қастерлі аспап дала өркениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Төл мәдениетіміздің құнды қазынасын сақтау – баршамыздың парызымыз», – деп бүгінгі мерекенің маңызын ашып көрсеткен болатын.

Бұл - бабалар үнін, Ұлы Даланың сарынын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген домбыраны ұлықтайтын, ұлы мұраттарға бастайтын мереке.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары, қадірменді өнерсүйер қауым! Халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – домбыра төрімізден түспесін!» – деп Д.Жаналинов өзінің ізгі лебізін білдірді.

Мерекелік бағдарлама саябақтың амфитеатрындағы салтанатты концерттен көрме-жәрмеңкеде кәсіби домбыра жасаушы шеберлер аспап оркестрі, облыстық филармония әншілері, күні кеше өткен «Сыр толқыны» III республикалық күйшілер конкурсына қатысқан өнерпаздар, жетекші шығармашылық ұжымдар мен дәстүрлі орындаушылар өз өнерін ұсынды.

Сонымен қатар саябақ аумағында «Ұлттық өнер – ұлы қазына» атты мамандандырылған кітап және музей жөдігерлерінің көрмесі ұйымдастырылып, келушілерге сирек кездесетін тарихи экспонаттар мен әдеби мұралар таныстырылды.

Креативті индустрия өкілдері мен жергілікті қолөнершілердің өнімдері қойылған көрме-жәрмеңкеде кәсіби домбыра жасаушы шеберлер аспап әзірлеудің қыр-сырын үйрететін шеберлік сағаттарын өткізді.

Сондай-ақ жастар арасында тақырыптық флешмоб ұйымдастырылып, ұлттық спорт ойындарынан жарыстар өтті. Орындаушылар мен өнерсүйер қауымның басын қосқан еркін форматтағы «Dombura Party» музыкалық жобасы да мерекенің көркін қыздырды.

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Қызылорда қаласындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, құрылыс барысымен танысты.

Алдымен «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешеніне барды. Аумағы 26 мың шаршы метр, 50 метрлік жүзу бассейні, 2500 орындық әмбебап спорт залы және 300 орындық конференц-залы бар кешен халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарды қабылдауға бейімделеді.

Одан кейін Титов шағын ауданында салынып жатқан бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхананың құрылысымен танысты. Қазір жалпы аумағы 9 мың шаршы метр болатын медициналық мекеменің үшінші қабатының монолитті бағандары бетондалады. Бірінші қабаттың аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жертеле қабатының аралық қабырғалары қаланып біткен.

Аймақ басшысы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бір ауысымда 500 адамды қабылдайтын емхананың да құрылыс алаңына барды. Көпсалалы медициналық орталықта амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық қызметтер көрсетіледі. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері болады. Сондай-ақ, 50 төсектік күндізгі стационар, орталық стерилизация бөлімі, дәрілік қамтамасыз ету қызметі, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория және 200 орындық конференц-зал қарастырылған.

Сол жағалауда салынып жатқан тағы бір маңызды нысан – 300 төсектік көпбейінді аурухана. Құрамында бір ауысымда 100 адамды қабылдайтын емханасы бар медициналық кешен 10 блоктан тұрады. Онда емхана, пансионат, операциялық, реанимация, химиотерапия және радиотерапия бөлімдері, физиотерапия, қабылдау және әкімшілік блоктары орналасады. Қазіргі уақытта бетондау, аралық қабырғаларды қалау және сырлау жұмыстары толық аяқталған, еденнің тегістегіш қабаты құйылған. Керамикалық плитка төсеу және сыртқы қасбетке линеарлы панель орнату жайғасуда.

Жанқожа Батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылысы қарқынды. Жоба аясында екі жолақты өткел, көпір, тіреу қабырғалары, жаяу жүргіншілер жолы және жол жабыны салынады.

Бүгінде айналма теміржол желілері төселіп, электр, байланыс, сыртқы жарықтандыру және ауыз су инженерлік желілерін кешіру жұмыстары аяқталған. Қала жағындағы және Шанхай тұрғын ауданындағы тіреу қабырғалары бетондалып, шпунттық свайларды орнату, көпір тіректерінің іргетасы мен негізгі темірбетон конструкцияларын бетондау жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

ТҮРІК ИНВЕСТОРЛАРЫ ЖЫЛЫЖАЙҒА ҚАРЖЫ САЛАДЫ



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Түркияның «TIMFOG Engineering» компаниясының өкілдері Яйлалы Женгиз, Эйүп Севенжан және Көксал Салихпен кездесіп, заманауи жылыжай кешендерін салу, агроөндірісті әртарапандыру және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Мемлекет басшысының ұлттық азық-түлік нарығындағы импортқа тәуелділікті азайту тапсырмасына сәйкес, өңірде агроөнеркәсіп кешенін дамытуға басымдық беріліп отырғанын атап өтті.

- «Қызылорда облысы – әріптестік пен инвестициялар үшін әлеуеті жоғары агроиндустриялық өңір. Ауыл шаруашылығының негізгі бағыты күріш өсіру болғанымен, өңірдің табиғи-климаттық жағдайы картоп, көкөніс, бақша дақылдарына және жеміс-жидекке де қолайлы.

Жеміс-жидек өндірісін өнеркәсіптік деңгейде дамыту – біз үшін перспективалы бағыттың бірі. Осы ретте, «TIMFOG Engineering» сияқты тәжірибелі компаниялармен бірлесіп,

жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз. Бұл ауыл шаруашылығын әртарапандыруға, қосылған құны жоғары өнім өндіруге және экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді», – деді Мұрат Ерғешбаев.

Қазір өңірде жалпы аумағы 12,1 гектар болатын 21 жылыжай, оның ішінде «ҚазАгроМир» серіктестігінің толық автоматтандырылған 2 гектарлық жылыжай кешені бар. Дегенмен, оларда өндірілетін өнім тұрғындардың көкөніске деген сұранысының небәрі 1,5 пайызын ғана қамтамасыз етеді.

